

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
Экономический факультет
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа
и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

17 сәуір 2020 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

PROCEEDINGS

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261

Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев
А. А.
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,
Джондельбаева А.
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі» халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики: Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economy responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

капитала, определения рейтинга.

3. Анализ помогает выявить возможности и резервы компании, определить направление ее развития с учетом изменений внешней среды [6].

В заключение можно сделать вывод, что основной целью управленческого анализа является получение объективной системной информации для управления, рациональной организации производства, направленной на повышение прибыли и конкурентоспособности предприятия. Это необходимо не только для улучшения экономического положения предприятия, но и для сохранения экономической жизнеспособности предприятия и сохранения возможности дальнейших капиталовложений.

Литература

1. Баканов М.И., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа: Учебник / Баканов М.И., Шеремет А.Д. - 4-е изд., доп. и перераб. - М.: Финансы и статистика.-416 с.: ил.. 2014

2. Бариленко В.И. Анализ хозяйственной деятельности: учеб. Пособие/ [Бариленко В.И. и др.] — М.: Издательство «Омега-Л», 2015. —414 с.

3. Бирюков В.А. Теория экономического анализа: учебник / В.А. Бирюков, П.Н. Шаронин. — Моск. гос. у-т печати им. Ивана Федорова. — М. : МГУП им. Ивана Федорова, 2014. — 568 с.

4. Никифорова Н.А. Управленческий анализ: Учебник для бакалавриата и магистратуры / Н.А. Никифорова, В.Н. Тафинцева. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 468 с.

5. Пласкова Н.С. Экономический анализ: учебник / Пласкова Н.С. – 3-е изд., перераб. и доп. – М. Эксмо, 2010. - 704 с. – (Новое экономическое образование).

6. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: Учеб. пособие / Г.В. Савицкая. — 7-е изд., испр. — Мн.: Новое знание, 2013. — 704 с.

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНЫ РЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Сұлтан Н. А. 2-курс студенті, бакалавр

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: nuraika2700@gmail.com

Ғылыми жетекші – Жахметова А.К.

Аннотация. Бұл мақалада еліміздегі Ішкі мемлекеттік аудит жүйесінің күзіретті органы болып табылатын ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне жан-жақты сипаттама беріледі. Комитет құрылымы, қызметі

мен құзіреті, міндеттері және рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, комитет жайындағы жалпы ақпарат статистикалық мәліметтермен толықтырылып, ішкі мемлекеттік аудит саласындағы өзекті мәселелер көрсетіледі.

Түйін сөздер: ішкі мемлекеттік аудит, мемлекеттік активтер, мемлекеттік қаржы, қаржылық есептілік, қаржылық бақылау, бұрмаланушылық, шығындар.

Аннотация. В данной статье дается описание Комитета по внутреннему аудиту Министерства Финансов РК, который является компетентным органом системы внутреннего аудита в стране. Рассмотрены структура, функции и полномочия Комитета, его задачи и роль. Кроме того, общая информация о комитете дополнена статистическими данными, согласно которым обсуждаются актуальные вопросы в сфере внутреннего государственного аудита.

Ключевые слова: внутренний государственный аудит, государственные активы, государственные финансы, финансовая отчетность, финансовый контроль, искажения, расходы.

Annotation. This article provides a full description of the Internal Audit Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan, which is the competent authority of the internal audit system in the country. The structure, functions and powers of the Committee, its tasks and role are considered. In addition, general information about the committee is supplemented by statistical data, according to which topical issues in the field of internal state audit are discussed.

Key words: internal state audit, state assets, state finances, financial statements, financial control, distortions, costs.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында экономиканың үлкен қарқынмен дамуына байланысты тұтастай мемлекет қаржысын игеру қажеттілігі туындайды. Сондықтан мемлекеттік қаржының игерілу тиімділігін және атқарылу дұрыстылығын бақылауда ішкі мемлекеттік аудит жүйесі маңызды орын алады. Аталған орган өзіндік құзіреттіліктерге ие бола отырып, мемлекеттік қаржы саласындағы маңызды функцияларды атқарады.

Ішкі мемлекеттік аудит – мемлекеттік аудит объектілерінің мемлекеттік жоспарларда көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуін, жоспарлар бойынша атқарылатын іс-әрекеттердің тиімділігін, мемлекеттік активтердің қалыптасуы мен пайдалануын тексеру, талдау әрі бағалаудың кешенді жүйесі. Ол басқарушылық және қаржылық есептіліктердің толықтылығы мен дұрыстылығын, әрі мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтердің сапалық деңгейін қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта елімізде ішкі мемлекеттік аудиттің уәкілетті органы ретінде ҚР Қаржы министрлігінің жанындағы Ішкі мемлекеттік аудит комитеті саналады. Бұған дейін комитет әрқалай аталып жүрді. Мәселен, 1992 жылдары «Мемлекеттік қаржылық бақылау комитеті», 1995 жылдары «Қаржылық-валюталық бақылау комитеті», 1999 жылдары «Қаржылық бақылау комитеті» деп аталып келген. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 3 мамырдағы №264 бұйрығымен «Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» болып бекітілген болатын [1].

Аталған комитет ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы мемлекеттік мекеме, яғни заңды тұлға болып саналады. Комитет жеке атау, мөр, белгіленген нысандағы бланкілер, сонымен қатар мемлекеттік қазына органдарындағы дербес есеп-шоттарға ие. Комитет қызметі бюджет тарапынан қаржыландырылады және арнайы қызметтер бойынша комитет кірісі тікелей республикалық бюджетке жіберіледі.

ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес, комитет жедел басқару негізіндегі белгілі бір оқшауланған мүлікке ие болады. Ол жалпы республикалық мүлік болып табылады. Сондықтан комитет мүліктің белгілі бір түрлерін өз қалауы бойынша иелігінен шығаруға және оған билік етуге құқылы емес.

ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, негізінен, азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. Бірақ заңнамаға сәйкес уәкілеттілік берілген жағдайда, аталған қатынастарға мемлекет атынан түсуге толыққанды құқылы.

Комитет қарамағында ҚР Үкіметімен құрылып, таратылып отыратын аумақтық органдар бар. Олар – облыстар, Алматы және Астана қалаларындағы Ішкі мемлекеттік аудит департаменттері. Аталмыш органдар тікелей комитетке есепті болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті – мемлекеттік жоспарлардың орындалуын, ондағы іс-әрекеттердің тиімділігін, қаржылық және басқарушылық есептіліктердің шынайылығы мен сенімділігін, мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтердің сапалылығын, ел қарамағындағы активтерді пайдаланудың тиімділігін тексеру, бағалау және нәтижелерді кешенді талдау.

Комитет өз құзіреті шегінде мынадай басты қызметтерді атқарады:

1. Бюджеттік бағдарламалар және мемлекеттік мекемелер бойынша (ҚР Ұлттық Банкін қоспағанда) жыл сайын қаржылық есептілік аудитін жүргізеді;
2. Республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарының, мемлекеттік гранттардың, байланысты кредиттердің, мемлекеттік активтердің игерілуіне, пайдаланылуына және сақталуына сәйкестілік аудитін жүзеге асырады;
3. 2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына сәйкес арнайы қағидаттар бойынша камералдық бақылауды жүзеге асырады;
4. Республикалық ішкі мемлекеттік аудит жүйесінің үлгілік ережесін әзірлеу процесіне қатыса отырып, әдіснамалық негізін қамтамасыз етеді;
5. Ішкі мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділік деңгейіне бағалау және бақылау жүргізеді;
6. ҚР Үкіметіне Ішкі мемлекеттік аудит жүйесінің жылдық атқарған жұмыстары жөніндегі есептілікті ұсынады;
7. Ішкі мемлекеттік аудит саласындағы мемлекеттік аудитор қызметіне кандидат тұлғалардың білімін растау және сертификаттау, сондай-ақ осы саладағы қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау қызметін ұйымдастырады;
8. Республикалық Ішкі мемлекеттік аудит саласындағы негізгі қағидаттарды әзірлеп, дайындауға қатысады;
9. Әкімшілік құқық бұзушылықпен байланысты жағдайларды, істерді

қарастырады және сәйкесінше ҚР заңнамаларында көрсетілген тәртіппен тиісті жауапкершілікке тартады;

10. Ішкі мемлекеттік аудит нәтижесінде мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер қызметінің тиімділік деңгейіне бағалау жүргізеді;

11. Жергілікті мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалар бойынша мақсаттарға қол жеткізуін және оның тиімділігін бағалайды;

12. Аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды тіркеп, тізілімін жүргізуді қамтамасыз етеді;

14. Аудиторларды аттестациялау барысындағы Біліктілік комиссиясының құрамына кіреді;

15. Аудиторлық қызметті лицензиялауға қатысады, ол бойынша барлық ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды;

16. Заңнамалық тәртіппен және өз құзіретінің шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырумен айналысады;

17. ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіліктерін жүзеге асырады.

Комитеттің жоғарыда аталып өткен қызметтерін жүзеге асыру міндеті Комитет Төрағасына жүктеледі. Оны ҚР Қаржы министрі тағайындайды және қызметінен босатады. Төраға кез келген қатынастарға Комитет атынан түседі және тікелей өкілі болып саналады. Сонымен қатар өз құзіреті шегінде заң және кадр жұмысы бөлімін үйлестіре отырып басқарады. Төраға орынбасарлары ҚР заңнамалық актілерінде көрсетілген тәртіппен қызметке тағайындалады және босатылады.

Комитет мемлекеттік басқарудың маңызды органы ретінде арнайы міндеттемелерге ие болады:

а) Мемлекеттік мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың құқықтарын сақтау;

б) ҚР заңнамаларына сәйкес, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қызметіне жазылған шағымдарды қарау;

с) Қызметі барысында алынған ақпараттардың және мемлекеттік маңызы бар мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету;

д) Өз қызметін ҚР заңнамалық актілеріне, нормативтік құжаттарына және аудит стандарттарына сәйкес жүзеге асыру;

е) Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит, қабылданған шешімдер және оған сәйкес құжаттар мен ақпаратты мұқият қарау;

ф) ҚР заңнамаларында көрсетілген өзге де арнайы қызметтерді жүзеге асыру [2].

Өз кезегінде, ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті елімізде қалыптасып отырған жағдайларды басшылыққа ала отырып, бухгалтерлік есептіліктердегі бұрмаланушылықты барынша қысқартуға мүмкіндік беретін қаржылық есептіліктің түпкілікті жаңа концепциясын қалыптастырған. Ұсынылған жаңа әдістерге сәйкес, 2019 жылы 12 мемлекеттік

бюджет бағдарламасы администраторларына шоғырландырылған қаржылық аудит бойынша тексерістер жүргізілген (1-сурет).

Сәйкестілік аудитін жүргізу барысында бухгалтерлік есептіліктердегі шикізат және негізгі құралдар сальдосының ауытқуына алып келетін бұрмаланушылықтар анықталған:

– Актив шоттарында 71 791 203,2 мың теңгелік негізгі құралдар критериіне сәйкес келмейтін жерлер, тұрғын үй және өзге де құрылыс объектілері тіркелген, оның ішінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде 71 772 849,2 мың теңге, ал ҚР Энергетика министрлігінде 18 354,0 мың теңгені құрайды;

– ҚР Жоғарғы Сотында 28 879,9 мың теңге сомасында негізгі капитал салымдары болып табылмайтын шығындар анықталған;



1-сурет. 2019 жылы ІМА жүргізілген аудит объектілері.

Материалдық активтер құрамынан 44 962,2 мың теңге сомасындағы электрондық вирусқа қарсы бағдарламалар табылған, алайда, шын мәнісінде, олардың қызмет мерзімінің 1 жылдан кем болуына байланысты аталған бағдарламалар ұзақ мерзімді активтер қатарына жатқызыла алмайды. Жекелеген мемлекеттік органдар үлестері 1-кестеде көрсетілген.


Кесте 1. 2019 жылғы электрондық вирусқа қарсы бағдарлама шығындары.

№	Мемлекеттік органдар	Сомасы, мың тг
1	Жоғарғы сот	29360,2
2	Ауылшаруашылық министрлігі	604,2
3	Әділет министрлігі	12641,8
4	Энергетика министрлігі	297,2
5	Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	2058,8

Жалпы қаржылық тексерулер нәтижесінде, 1 718,6 мың теңгені құрайтын

негізгі құралдарды субшоттарға дұрыс бөлмеу бұзушылықтары анықталған.

Қаржылық инвестициялар аудитін жүргізу барысында екіжақты есептілік анықталып, салдарынан «KazakhInvest» АҚ есептілігінде қаржылық инвестициялар арттырылып көрсетіліп, бірқатар министрліктер қорытындыларындағы бұрмаланушылыққа алып келген (2-сурет).



2-сурет. 2019 жылғы қаржылық инвестициялар бойынша қорытынды есептердегі бұрмаланушылық көлемі.

Тыңғылықты ұйымдастырылған аудиторлық тексерістер нәтижесінде жоғарыда көрсетілген барлық бұзушылықтар мен қателіктер жойылған [3].

Дегенмен де, қазіргі таңда ішкі мемлекеттік аудит саласында орын алып отырған басты мәселе - жекелеген мемлекеттік аудит органдары қызметі мен мемлекеттік аудиторлар қызметінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына көп жағдайда сәйкес келмеуі. Дәл осы қиындықпен кездескен АҚШ, Ресей және бірқатар Еуропа мемлекеттері өзіндік іс-шаралар жүйесін қалыптастырған. Яғни, әрбір орган аудит жүргізуі барысында өз ішкі жағдайын тексеріп және бағалап отырады. Демек, аудит жүргізудің дайындық, бастапқы мәліметтер жинақтау, оларды талдау, мониторинг жүргізу және құжаттарды дайындау секілді барлық кезеңдері мұқият ойластырылуы және бағаланып отыруы тиіс.

Сондай-ақ, соңғы жылдары ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыру барысында ішкі мемлекеттік аудиторлар заңнамалық сипаттағы көптеген мәселелермен бетпе-бет келуде. Осы мәселені шешудің бірден-бір амалы заңды тәжірибеде қолдануда кездескен қиындықтар және түсініспеушіліктерді

жекелеген мемлекеттік және аймақтық ішкі аудиторлар ұсыныстарына сәйкес Ішкі мемлекеттік аудит комитетінде қарастыру, мүмкін болса өзгерту әрі түзету. Түптеп келгенде, тұтастай бір елдің ішкі мемлекеттік аудит жүйесі осы заңнамаларға негізделетіндіктен, оның қате немесе дау тудыратын тұстары, міндетті түрде, жүйе қызметіне кері әсерін тигізуі мүмкін және керісінше, ол қателіктердің түзетілуі ішкі мемлекеттік аудит жүйесі тиімділігінің артуына септігін тигізбек [4].

Сонымен, ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті республикалық мемлекеттік аудит және қаржылық есептілік саласындағы маңызды ішкі процесстерді реттеуші және мемлекеттік бақылауды ұйымдастырушы құзіретті орган болып табылады. Ішкі мемлекеттік аудит сапасының артуы тұтас мемлекеттік аудит жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметтерін жетілдіруге бағытталған, тәуелсіз әрі объективті кепілдіктер мен кеңестер беретін кешенді ішкі мемлекеттік аудит жүйесі ғана тиімді мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. http://kvga.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/kz.ecc.kfk/roles/anonym/sub_about/about_committee/main_apparate/history
2. <https://egov.kz/cms/kk/law/list/G16E0000224>
3. http://kvga.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/kz.ecc.kfk/roles/anonym/sub_activities/activities/act_rates
4. <https://nalogikz.kz/docs/povyshat-kachestvo-vnutrennego-audita.html>

ECONOMIC ESSENCE AND FEATURES OF HUMAN POTENTIAL IN MODERN ECONOMIC SYSTEMS

Salakhava Yu.Sh..

Senior lecturer of the Civil law and Civil procedure Department
Vitebsk state university named after P.M. Masherov, Vitebsk,
Republic of Belarus
E-mail: y.salakhova@vsu.by

Annotation: the article is devoted to the study of the content of the category "human potential" and the basics of its management. Qualitative human potential formation will directly affect not only the formation of other economic system potentials, but also the total human capital of the state as one of the most important components of national wealth.

Keywords: human potential, human capital, economic potential